

**Ақсу қаласы Достық ауылдық округінің Төрт құдық ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 1-03/05 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 наурызда № 6265 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 1-03/08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық ауылдық округі әкімінің 19.06.2019 № 1-03/08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Ақсу қаласы Достық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласы Достық ауылдық округінің Төрт құдық ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Достық ауылдық  
округінің әкімі*

*Р. Жаксылыков*